

## АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

**«Жасанды интеллект дәуіріндегі цифрлық білім беру»** Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы

**Құрметті әріптестер!**

Орталық Азиядағы жетекші университеттердің бірі — **Алматы Менеджмент Университеті (AlmaU)** Сіздерді **2026 жылғы 18 наурызда, Алматы қаласында (Қазақстан)** онлайн форматта өтетін **«Жасанды интеллект дәуіріндегі цифрлық білім беру»** атты **Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға** қатысуға шақырады.

### Конференция туралы

Конференция жоғары білім беру саласында цифрландыру және жасанды интеллектті қолдану бойынша озық тәжірибелермен алмасуға арналған халықаралық алаң құруға бағытталған. Конференцияның басымдықтары — жасанды интеллект пен цифрлық технологиялардың білім беру сапасына және жоғары оқу орындарын басқаруға ықпалын айқындау, ғылым, мемлекет және EdTech-бизнес арасындағы ынтымақтастықты нығайту, этика мен деректер қауіпсіздігіне ерекше назар аудара отырып заманауи әдістемелерді талқылау, сондай-ақ оқытушылардың цифрлық құзыреттерін дамыту бағыттарын анықтау.

### Конференцияның негізгі бағыттары

- Білім берудегі жасанды интеллект
- Педагогикадағы предиктивті аналитика және машиналық оқыту
- Деректерге негізделген шешім қабылдауды қолдау жүйелері
- Виртуалды және толықтырылған шынайылық
- Қашықтан және гибриді оқытуды трансформациялау
- Білім беру технологияларындағы киберқауіпсіздік
- Бағдарламалау және есептеуіш ойлауды оқыту

Толығырақ ақпарат:  <https://decai.almau.edu.kz/>

### Формат және қатысу

Конференция бағдарламасы **пленарлық отырысты, тақырыптық секцияларды және тәжірибе алмасу іс-шараларын** қамтиды.

Конференцияға **университеттер, ғылыми-зерттеу орталықтары және EdTech-компаниялардың** өкілдері шақырылады.

### Өтінім беру тәртібі

#### Қатысушыны тіркеу

Конференцияға қатысу үшін тіркеу формасын толтыру қажет.

Тіркеу барысында:

- **Қатысу санаты:** баяндамасыз қатысушы немесе баяндамамен қатысушы;
- **Қатысушы мәртебесі:** білім алушы, оқытушы, компания өкілі көрсетіледі.

#### Материалдарды ұсыну

Тіркеуден кейін тандалған қатысу түріне сәйкес **мақала немесе тезистерді** келесі электрондық поштаға жіберу қажет:  [decai@almau.edu.kz](mailto:decai@almau.edu.kz)

Егер **жарияланымсыз тек ауызша баяндама** жоспарланса, тек **тезистерді** ұсынуға рұқсат етіледі.

#### Материалдарды жариялау

Конференцияның ашылуына дейін **материалдардың электрондық жинағы** дайындалып, конференция сайтында орналастырылады:  <https://decai.almau.edu.kz/>

#### Мақалаларға қойылатын талаптар

- Көлемі: **5 беттен аспайды**, А4 форматы;
- Файл форматы: **MS Word (.docx)**;
- Мәтіннің түпнұсқалығы: **кемінде 75%**;
- Мақала бұрын жарияланбаған болуы тиіс.

#### **Рәсімдеу талаптары**

- Қаріп: **Times New Roman, 12 pt**;
- Жоларалық интервал: **1,0**;
- Барлық өрістер: **2,0 см**;
- Абзацтың бірінші жолының шегінісі: **0,5 см**;
- Суреттер мен кестелер атаулары және мәтіндегі сілтемелерімен рәсімделуі тиіс;
- Беттер нөмірленбейді.

#### **Мақаланың құрылымы**

- **Тақырып** (10 сөзден аспайды)
- **Авторлар туралы ақпарат** (әр автор үшін жеке)
- **Аннотация** (орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде, 150 сөзге дейін)
- **Түйін сөздер** (кемінде 5)
- **Негізгі мәтін (IMRAD форматы)**
- **Алғыс білдіру** (қажет болған жағдайда)
- **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі** (IEEE форматы, DOI міндетті)

Барлық материалдар редакциялық алқаның рецензиялауынан өтеді.

#### **Негізгі мерзімдер**

- **Өтінімдер мен материалдарды қабылдау:** 2026 жылғы 15 ақпанға дейін
- **Қабылдау туралы хабарлама:** 2026 жылғы 20 ақпанға дейін
- **Бағдарламаны жариялау:** 2026 жылғы 1 наурыз

#### **Ұйымдастыру жарнасы**

Жарияланымдар мен өтінімдер бойынша сұрақтармен Ұйымдастыру комитетіне хабарласуға болады.

Қатысу үшін **10 000 теңге (20 АҚШ доллары)** мөлшеріндегі тіркеу жарнасы Алматы Менеджмент Университетінің есепшотына аударылады.

Төлем түбіртегінде: конференция қатысушысының ТАӘ;

«Жасанды интеллект дәуіріндегі цифрлық білім беру» конференциясына қатысу үшін деген белгі көрсетілуі тиіс.

Түбіртектің электрондық көшірмесін **decai@almatau.edu.kz** поштасына жіберу қажет.

**Конференцияға қатысушылардың барлығы электронды қатысу сертификаттарын алады.**

**Сертификаттарды жүктеп алу сілтемесі конференция веб-сайтында орналастырылады.**

#### **Ұйымдастыру комитетінің байланыстары**

📍 Мекенжай: Алматы қ., Розыбакиев к-сі, 227, 253-кабинет

☎ Телефон: +7 727 313 2931, вн 530

✉ E-mail: [decai@almatau.edu.kz](mailto:decai@almatau.edu.kz)

🌐 Сайт: <https://decai.almatau.edu.kz/>